

Қуат көзін құн батареясынан алатын боламыз



10 маусым 2013 | 18:06 | Саясат | Қаралған: 2482 | Пікірлер: 0

Өскемен қаласындағы «Kazakhstan Solar Silicon» зауытында «Қазатомөндіріс» үлттық компаниясының басқарма төрағасы Владимир Школьник пен Францияның Атом энергиясы мен жақартылатын қуат көздері жөніндегі комиссариатының бас жетекшісі Бернар Биго мырза болды. Мәртебелі қонақтарды ШК облысы әкімі Бердібек САПАРБАЕВ көсіпорын жұмысымен таныстыруды. Сондай-ақ, облыс әкімдігі мен «Қазатомөндіріс ҰАҚ» АҚ арасындағы әлеуметтік әріптестік жөніндегі меморандумға қол қойылды.



Қазақстан мен Франция бірлесіп жүргізіп отырған бұл индустримальық-инновациялық жобаны келешектің жобасы деп айтуымызға толық негіз бар. Себебі, алемнің алдыңғы қатарлы дамыған елдері вздеріне қажетті баламалы қуат көздерін, құн мен желден алу тасілдерін құн санап жетілдіріп келеді. Қазақстанның да бұл жаһандық басекеден қалғысы жоқ. Осы ретте Франция инженерлерінің арнайы жобасы Өскеменде де жүзеге аспақшы. Облыс орталығында құрылышы межесіне тақап тұрған «Kazakhstan Solar Silicon» зауыты – осы жоспардың жемісі.

Зауытта алдағы уақытта құн энергиясынан электр қуатын алатын фотоэлектрлік пластиналар, яғни, құн батареялары өндірілетін болады. Ең бастысы, бұл – электр қуатын өндірудің ең экологиялық таза және қауіпсіз тәсілі.

Облыс әкімі Бердібек САПАРБАЕВ мартебелі меймандарды Согра кентінде орналасқан зауытқа бастап келді. Франция қуат көздері комиссариатының бас жетекшісімен қатар Еуропаның айтулы өндіріс компанияларының екілдері, соның ішінде құн батареялары және идукциялық технологиялар саласының тісқақтан мамандары да келді.

Бұл жерге бір жылдың ішінде аумағы ат шаптырым жерді алып жатқан үлкен зауыт салынып үлгеріпті. Қазір құрылыш жұмыстары аяқталып, арнайы құрылғылар мен аспаптардың бұрандалары бекітіліп жатыр екен. Оны Франциядан келген білікті мамандар үйімдастыруда. Олар алі жарты жылдың көлемінде Өскеменде еңбек етіп, жергілікті мамандарға вз білгендерін үйретіп кетпекші.

Фотозелектрлік пластиналар өндіретін «Kazakhstan Solar Silicon» зауытының өндірісі екі негізгі технологиялық бағыттан тұрады, олар: кремни пластиналары және фотозелектрлік пластиналарды шығару. Өндірістің жаңашылдығы мен артықшылдығы оның Өскемен ауасын ластамай, ауаға тарайтын қалдықтарды аса аз мөлшерде босатуында.

«Қазатомөндіріс» баспасағы қызыметкерінің айтуынша, өнімге қажетті шикізат, яғни кремний Алматы облысының Уштебе елді мекенінен ақелінеді. Біздегі зауытта металургиялық кремний өндөліп, ерітіледі. Қажетті қалыпқа түсіп, пластиналарға айналған дайын өнім мұнда күміспен қанталады, тағы бірнеше химиялық процестерден өтеді. Өскеменде дайын болған фотозелектрлік пластиналар Астанадағы фотозелектрлік модульдер құрастырылатын «Astana Solar» зауытына женелтіледі екен.

«Қазатомендіріс» үлттық компаниясының басқарма төрағасы Владимир Школьниктің айтуынша, алемде күн батареяларын өндіретін мемлекеттердің саны көп, алайда фотозлектрлік пластиналарды шикізат өндөуден бастап дайын енімге дейін өзі жасал шығаратын мемлекет алемде бесеу-ақ, олар: АҚШ, Канада, Қытай, Жапония және Қазақстан екен.

«Kazakhstan Solar Silicon» зауыты жыл соңына дейін өз жұмысына кіріспе те кетпекші. Ал 2014 жылдың бірінші тоқсанында өндіріс орны өзінің барлық күш-қуатын еркін пайдалана алатын болады. Осы саланың мамандарының айтуынша, зауыттан шығатын енімнің алғашқы жарнамасы жергілікті шаруа қожалықтары арқылы жасалмақшы. Электр желісі тартылмаған шалғайдағы фермерге күн батареясы қойылып, оның артықшылығы бір жыл көлемінде қалың жұртшылыққа ақпарат құралдары арқылы көрсетіліп тұрады екен. Дал осындағы Қытайда шығарылатын бір пластиналардың құны шамамен 200 доллар көлемінде. Ал «Қазатомендіріс» баспасаев қызметкери Кристина Подшивалованың айтуынша, бізде шығатын батареялар, сапасына сәйкес қытайлық енімнен сал қымбаттау болмақ. Ал бір үйді электр қуатымен қамтамасыз ету үшін 15-20 шакты электр пластиналары қажет екен.

Әлеуметтік әріптестігіміз арта түседі

Бұдан соң тараптардың кездесуі облыс әкімдігіндегі мажіліс залында жалғасты. Аталмыш басқосуға, сонымен қатар, Францияның Қазақстандағы Төтенше және екілетті елшісі Жан-Шарль Бертонэ, облыстағы департаменттер мен басқармалардың басшылары, қоғамдық үйымдардың жетекшілері қатысты.

Өскеменнің іргесінде күн батареяларына қажетті пластиналар шығаратын «Kazakhstan Solar Silicon» атты заманауи зауыттың құрылышы жүріп жатқаны белгілі. Былтыр маусым айында басталған құрылыш қазір аяқталу үстінде, құрал-жабдықтары ақелініп, орнатылуда. Бұл – Мемлекет басшысы Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВТЫҢ тікелей тапсырмасы бойынша «Қазатомендіріс» компаниясы қолға алып, атқарып жатқан ауқымды жоба. Өскемендеңіз зауыттың жалпы құны 8,5 миллиард теңгені құрап отыр.

Жиында аймақ басшысы Бердібек САПАРБАЕВ «Қазатомендіріс» үлттық компаниясының әлеуметтік жұмыстарын жоғары бағалады.

– Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі аясында акционерлік қоғам өнірге 2 миллиард теңге қаржы құйған. Сол қаржыға балаларды сауықтыру орталығы, балабақша бой көтеріп, қазір Рыпакова атындағы жеңіл атлетикалық манеж салынуда, – деген аймақ басшысы осы игілікті шаралары үшін облыс басшылығы атынан компанияға алғыс білдірді.

Сондай-ақ, аталмыш компанияның құрамындағы Үлбі металлургиялық зауыты өз еңбеккерлеріне патер алу үшін пайызыз несие беруді бастапты. «Бұл да – жақсы бастама» деп атап етті облыс Әкімі.

– Бизнестің алеуметтік жауапкершілігі туралы айтар болсақ, біздің баршамыздың түпкі мақсатымыз бір – ол ел азаматтарының ал-ауқатын арттыру. Сондыктан, біз бұл бағыттағы жобаларымызды алі де жалғастырамыз. 2011 жылы «Қазатомендеріс» Елбасының қолынан «Ең үздік алеуметтік жауапты компания» деген атақ алды. Бұл біздің жұмысқа берілген жоғары баға деп есептеймін, – деді Владимир Школьник.

Ел экономикасын дамытушы басты күш – энергетика саласы екенине тоқталған Бернар Биго Қазақстанның осы бағытты қолға алып отырғаны жобалары стратегиялық жағынан жасалған оң қадам екенин айтты. Ал елші мырза Қазақстан мен Франция энергетика саласында бірін-бірі толықтырып отырғанын атап етті.

– Екі ел арасындағы ынтымақтастық өзара тиімділігімен ерекшеленеді. Мәселен, осы жоба арқылы француз тарапы заманауи технологияларын ұсынса, Қазақстан алемдік нарықта басекеге қабілетті дайын өнім шығарып, мындаған жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік алып отыр, – деді Жан-Шарль Бертонз.

Кездесу соңында Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі мен «Қазатомендеріс» ұлттық атом компаниясы» акционерлік қоғамы арасындағы алеуметтік аріптестік жөніндегі меморандумға қол қойылды.

Дарын Нұрсапаров,
Ержан Әбіш